محبة الله

АЛЛАҺҚА ДЕГЕН МАХАББАТ

mahadsunna.com
MahadSunnah
sarhaan.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Аллаһқа деген махаббат

Бұл қандай махаббат?…

Бұл - барлық нәрсенің Жаратушысы, бүкіл әлемдердің Раббысы, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір шынайы құдай жоқ, Патша, Мінсіз және Пәк Қамқоршыға, Ұлы, Құдіретті, Жаратушы, ұлылық, абырой мен сұлулық Иесіне деген махаббат.

Бұл махаббат – бақыттың негізі, осы және мәңгілік өмірде табысқа жетудің жолы, салиқалы амалдардың тірегі.

Бұл махаббат – Исламның рухы. Аллаһқа құлшылық ету махаббатқа негізделген, ол оның мәні, онсыз ғибадат пен таухид жоқ. Махаббатсыз ғибадатыңыз бос, жансыз қабыққа айналады.

Егер адам Аллаһқа деген махаббаттан айырылса, ол шынайы өмірді білмеген, тірі тәндегі өлі адам болады. Бұл махаббат – керемет нұр, егер адамның жүрегінде бұл нұр болмаса, адам қараңғылық мұхитында батып құриды. Бұл махаббат емдік дәрі, ол болмаса, жүректі түрлі дерттердің ордасы, ауыр азап жеңеді. Бұл махаббат – сөзбен жеткізбес ләззат, оны білмеген адам үнемі қайғыға, азапқа, уайымға ұшырайды. Ол үнемі көркем істерге, дұға мен тәубеге шақыратын қозғалтқыш. Ол адамды кемелдік дәрежелеріне көтеріп, ең жақсы және ең биік деңгейге жеткізеді.

Аллаһқа деген махаббат – бұл тура жолды ұстанушылардың соған міниіп, сүйгеніне қарай шабатын сәйгүлік тәрізді. Махаббат – адамдарды Жәннатқа апаратын ең тура әрі ең қысқа жол.

Ол Аллаһтың дінінде ең жоғары орынға ие. Ең бастысы – кім Аллаһ Тағаланы шынайы әрі ықыласты жақсы көрсе, оны Аллаһ Тағаланың Өзі де жақсы көреді. Бұл – Аллаһқа деген махаббатың ең маңызды жемісі, яғни Аллаһ Тағаланың сізге деген махаббатына қол жеткізу. Бұдан жақсы әрі құрметті не нәрсе бар? Жаратушы мен Иенің, патшалардың Патшасы, Мәңгі, Игі әрі Көркем, Жомарт әрі шексіз Аллаһтың сүйікті құлы болудан жақсы не бар?! Оның Аса Көркем Есімдерінің бірі – әл-Уәдуд, яғни Сүюші және құлдары да оны Сүюші. Егер Аллаһ Тағала белгілі бір адамды жақсы көрсе, онда жаратылыстарының жүрегіне оған деген махаббатты ұялатады. Аллаһ сізді жақсы көрсе, оның барлық ізгі құлдары

да сізді жақсы көретін болады. Имам әл-Бухаридің сенімді хадистер жинағында Аллаһ Елшісі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері келітірілген:

إِنَّ اللَّهَ إِذَا أَحَبَّ عَبْداً دَعَا جِبْرِيلَ فَقَالَ: إِنِّى أُحِبُّ فُلاَناً فَأَحِبَّهُ، قَالَ: فَيُحِبُّهُ جِبْرِيلُ، ثُمَّ يُنَادِى فِى السَّمَاءِ فَيَقُولُ: إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ فُلاَناً فَأَحِبُّوهُ، فَيُحِبُّهُ أَهْلُ السَّمَاءِ، قَالَ: ثُمَّ يُوضَعُ لَهُ الْقَبُولُ فِى الأَرْضِ

«Егер Аллаһ Тағала Өзінің қайсыбір құлын жақсы көрсе, Жәбірейіл періштеге: «Мен пәлен адамды жақсы көремін, сондықтан сен де оны жақсы көр», - деп айтады. Сонда Жәбірейіл бұл адамды жақсы көре бастайды. Кейін ол көктерде: «Расында, Аллаһ Тағала пәлен адамды жақсы көреді, сендер де оны жақсы көріңдер», - деп жария етеді. Сонда аспан тұрғындары бұл адамды жақсы көре бастайды. Кейін оған жерде де жақсы қабыл беріледі»

(хадисті Муслим, 2637 жеткізген).

Яғни оны білетін жер тұрғындары оны жақсы көре бастайды және одан кейін адамдар арасында жақсы даңқ қалады.

Аллаһ Тағала Өзінің жақсы көретін және сүйген пендесін сақтап, қорғайды, қолдап, оған жол көрсетеді. Аллаһ Тағала оған жәрдем беріп, жетістікке жетелейді. Ал керісінше, Аллаһ Тағала Өзінің сүйіктілерімен, әулиелерімен дұшпан болатындармен соғысады. Көп адамдардар әулиелер қандай да бір ғажайыптарды көрсететін, судың үстінде жүре алатын, ұшатын, жанып жатқан көмірге аяғымен баса алатын және басқа да нәрселерді істей алатын адамдар деп қателеседі!

Әулиелер дегеніміз – бұл туралы Құранда айтылғандай, иман келтіріп, тақуа болғандар. Әрбір мүмин әрі тақуа адам Аллаһтың әулиелеріне жатады. Мұндай адамдар Аллаһты шын жақсы көреді және Аллаһ та оларды жақсы көреді.

Хадисте Аллаһ Тағаланың былай дегені хабарланады:

مَنْ عَادَى لِي وَلِيًّا, فَقَدْ آذَنْتُهُ بِالْحَرْبِ، وَمَا تَقَرَّبَ إِلَيَّ عَبْدِي بِشَيْءٍ أَحَبَّ إِلَيَّ مِمَّا افْتَرَضْتُهُ عَلَيْهِ، وَلَا يَزَال عَبْدِي يَتَقَرَّبُ إِلَيَّ بِالنَّوَافِل حَتَّى أُحِبَّهُ، فَإِذَا أَحْبَبْتُهُ, كُنْتُ سَمْعَهُ الَّذِي يَسْمَعُ بِهِ، وَبَصَرَهُ الَّذِي يُبْصِرُ بِهِ، وَيَدَهُ الَّتِي يَبْطِشُ بِهَا، وَرِجْلَهُ الَّتِي يَمْشِي بِهَا، وَلَئِنْ سَأَلَنِي لَأُعْطِيَنَّهُ، وَلَئِنِ اسْتَعَاذَنِي لَأُعِيذَنَّهُ

«Кім Менің әулиеме дұшпандық жасаса, Мен Оған соғыс жариялаймын! Менің құлымның Маған жақындауының ең жақсы жолы – Мен оған жүктеген парыздарды орындауы. (Кейін) құл Мен оны жақсы көрмейінше, қосымша сауапты нәпіл амалдарды жасап Маған жақындауын тоқтатпайды. Ал егер Мен оны жақсы көрсем, онда оның ететін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын. Егер ол менен сұраса, Мен оған беремін, ал егер ол Менің қорғауыма жүгінсе, Мен оны қорғаймын»

(хадисті әл-Бухари, 6502 жеткізген).

Яғни Аллаh Тағала бұл құлын әр жағдайда қолдап, оны тура жолға салып, естуін, көруін, аяқ-қолын тек игілікке бағыттайды. Аллаh оның дұға-тілегін қабыл етіп, оны адамдар мен жындардың жамандығынан сақтайды.

Аллаhқа деген махаббаттың пендеге бұл дүниеде де, мәнгі өмірде де әкелетін жақсылықтары мен пайдаларын санап айту мүмкін емес!

Жоғарыда айтылғандай, Аллаhқа деген махаббат Ислам дінінің өзегі, дәлірек айтсақ, бұл – Исламның нағыз өзі, өйткені Ислам деген – адамның өзін Аллаhқа тағзым, махаббат және бағыныш арқылы бағыштауы. Аллаhқа деген махаббаты жоқ адамның Исламы да жоқ.

Аллаhқа деген махаббат «Лә иләhа иллә-Ллаh» («Аллаhтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ») куәлігінің мәні болып табылады. Неліктен? Өйткені Құдай (Иләh) – махаббатпен және тағзыммен Құдай деп танылып, құлшылық етілуші. Иләh – бұл жүректер оны Құдай деп дәріптейтін, яғни жақсы көретін және Оның алдында ең төмен дәрежеде кішірейетін Құдай. Яғни Жаратушыны жалғыз Құдай, Иләh деп санап, Оған құлшылық ету – ең алдымен Аллаhты барынша жақсы көру және Оған бұл махаббатта ешкімді теңдес етпеу және серік қоспау. Жүрегіңіздегі бұл махаббат тек Аллаhқа ғана бағытталып, Онымен қоса ешкімге бағытталмауы қажет.

Аллаh Тағала былай деген:

وَمِنَ النَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ اللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ

«Адамдардың кейбіреулері Аллаhқа өзгелерді теңдес етеді де, оларды Аллаhты сүйгендей сүйеді»

(«әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Бұл аятта Раббымыз, егер адам Аллаhтан басқа бір нәрсені немесе біреуді Аллаhты жақсы көргендей етіп тағзым-итағатпен жақсы көрсе, ол Аллаhқа

біреуді теңеп, ең қорқынышты әрі кешірілмейтін күнә – ширк, көпқұдайшылық жасаған адамдардың қатарында болады.

Бұл аятта біреуді Аллаһпен тең дәрежеде жақсы көріп, бар махаббатын, яғни Құдайды жақсы көретін махаббатын мүминдер секілді тек Оған ғана арнамайтындарға сөгіс айтылады.

Бұл теңеу басқа аятта да айтылады, онда Аллаһ Тағала мүшриктердің Тозақта болған кезде өздерінің тәңірлеріне, сондай-ақ Аллаһқа теңегендерге сүйіспеншілік пен ұлықтаумен жүгініп, оларға былай деп айтқаны жайлы баяндаған:

تَاللَّهِ إِن كُنَّا لَفِي ضَلَالٍ مُّبِينٍ إِذْ نُسَوِّيكُم بِرَبِّ الْعَالَمِينَ

«Аллаһпен серт, сендерді әлемдердің Раббысына теңеп, анық адасушылықта болған екенбіз!»

(«әш-Шуғара» сүресі, 97-98 – аяттар).

Бұл жерде көптеген адамдарда: «Сіз барлық махаббаты тек Аллаһқа арнау қажет және егер адам Аллаһпен бірге әлдебіреуді қоса жақсы көретін болса, бұл көпқұдайшылық болады дейсіз, ал ата-анаға, әйелге немесе күйеуге бағытталған және осы секілді махаббат ше?», - деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл өте маңызды сұрақ және оны шешу қажет. Махаббат үш түрге бөлінеді.

Бірінші түрі – жақсы көретін объектінің алдында құлдықпен кішірейіп және оны барынша ұлықтап-дәріптеп, оның еркіне ешбір күмәнсіз келісіп-мойынсұнушылық танытатын, ол бұйырған нәрсені істеп және ол тыйым салған нәрседен тыйылатын құлшылық пен тағзым ретіндегі махаббат. Мұндай махаббат – құлшылық-ғибадат махаббаты деп те аталады және махаббатың бұл түрін тек Аллаһ Тағалаға арнау қажет. Егер адам мұндай махаббатпен басқа біреуді жақсы көрсе, онда бұл адамды иман мен Исламнан айыратын үлкен ширк болады әрі мұндайды жасаған адам мүмин, мұсылман болудан қалады.

Махаббатың екінші түрі – бір нәрсені Аллаһ разылығы үшін жақсы көру, яғни қайсыбір нәрсені немесе біреуді оны Аллаһ жақсы көргендіктен жақсы көре бастауыңыз, яғни сізді бұл махаббатқа Аллаһқа деген махаббатыңыз итермеледі. Бұған Аллаһ жақсы көретін адамдарға (яғни пайғамбарларға, салиқалы және тақуа адамдарға), Аллаһ жақсы көретін амалдарға (яғни намаз зекет, адамдарға жақсылық жасау), Аллаһ жақсы көретін мекендер мен уақыттарға (Меккеге, Қағбаға, Рамазан айына) деген махаббат жатады. Мұндай махаббат өзігінше дербес емес, ол махаббаттың бірінші түрі – Аллаһқа деген махаббатқа тікелей байланысты әрі оған толығымен бағынышты. Сіз ғибадат махабатын бұл

адамдарға, амалдарға және мекендерге арнамасыз, бірақ оларды Аллаһтың разылығы үшін, бұл Аллаһқа ұнамды болғаны үшін жақсы көресіз.

Махаббатың үшінші түрі – табиғи махаббат. Махаббатың бұл түрі тыйым салынбаған. Мұндай махаббатпен біз ата-анамызды, балаларымызды, бізге жақсылық жасайтын адамдарды, әйелді, күйеуімізді жақсы көреміз. Бұл махаббат өз алдына ғибадат емес, сондықтан рұқсат етілген нәрселер санатына жатады. Алайда адам мұны Аллаһтың разылығы үшін сезінсе, бұл Аллаһқа ұнамды және Одан сауап алынатын амалға айналуы мүмкін. Мысалы, кімде-кім Аллаһ Тағаланың ата-анаға жақсылық жасау, оларға құрмет көрсету туралы бұйрығын орындау үшін ата-анасын Аллаһтың разылығы үшін жақсы көрсе, оның табиғи махаббаты жақсы, сауапты амалға айналып, ол осынысы үшін Аллаһ Тағаладан сауап алады. Екінші жағынан, бұл табиғи махаббат рұқсат етілгеннің шегінен шықпауы және адам жүрегінде Аллаһтың махаббатымен жарыспауы керек.

Көптеген адамдар Аллаһты жақсы көремін деп айтатындарын айта кету қажет. Бірақ Аллаһ олардан сөздерінің рас екендігін дәлелдеуді талап етеді. Бұл дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөзінде айтылған:

قُلْ إِن كُنتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ

«(Уа Мухаммад) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларында жарылқайды. Өйткені, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», - деп айт»

(«Әли Имран» сүресі, 31-аят).

Бұл аят «махаббат аяты» деп аталады. Ол бізге Аллаһқа деген махаббаттың дәлелі неде, содан кейін бұл махаббаттың жемісі қандай екенін хабарлайды. Аллаһ Тағала адамның Аллаһқа деген махабатының шынайылығының дәлелі әрі белгісі етіп Оның адамдарға Өзінің Елшісі әрі Оның қалауын жеткізуші Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еру екендігін айтады. Адам Аллаһтың сүйікті Елшісіне өз ісінде, сөзінде және адамгершілік сипаттарында қаншалықты ауытқымай ілессе, соншалықты оның жүрегінде Аллаһқа деген махаббат та күшті және берік болады. Демек оның Аллаһқа деген махаббатының пайда болуы, беріктігі мен күші оның Пайғамбарымыз Мухаммадқа еруіне байланысты болады екен. Ал оның Елшіге деген ілесуі неғұрлым әлсіз болса, Аллаһқа деген махаббаты да соғұрлым аз және әлсіз болады.

Адамдар Аллаһты жақсы көреміз деп айта бастағанда, Аллаһ Тағала олардың махаббатарының тексеруі әрі сынағы болып табылатын Өзінің «**(Уа Мухаммад) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларында жарылқайды**» деген сөздерін түсірді.

Бұл аят сондай-ақ Аллаһтың Елшісіне еру арқылы дәледенген Аллаһқа деген шынайы махаббаттың жемісі қандай болатыны туралы да хабар береді. Бұл жеміс – Аллаһтың сізге дегені махаббаты. Яғни егер сіз Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілеспесеңіз, онда Аллаһқа деген махаббатқа да, Аллаһтың сізге деген махаббатына да ие бола алмайсыз. Ал бұл нағыз мақұрым болу. Өйткені адам Аллаһқа деген махаббатсыз бақытқа жете алмайды, ал бұл махаббатқа Пайғамбарға (оғн Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесусіз қол жеткізу мүмкін емес. Аллаһ Тағала сізді сүйікті Пайғамбарына сырттай да, іштей де ілесіп, оның барлық айтқанына сеніп, әмірін орындап, шақырғанына жауап беріп, оған өз еркіңізбен артықшылық берсеңіз ғана, жақсы көреді. Сіз кез-келген біреулердің шешімдерінен бас тартып, оның ғана шешімдерін жақтауыңыз қажет, басқа кез-келген біреуге мойынсұнудан бас тартып, оның сүннетіне мойынсұнуыңыз қажет. Өйткені ол өз еркін емес, Жаратушының еркін жеткізген.

Сіз өз жүрегіңізге Аллаһқа деген махаббат ағашын отырғызып, оны ықылас суымен суару арқылы және сүйікті Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) еру арқылы сан-алуан түрлі әдемі жемістерге қол жеткізесіз. Аллаһтың қалауымен бұл ағаш сізге үнемі өзінің игі жемістерін беріп тұрады.

Аллаһ Тағалаға шынайы қызмет пен құлшылық ету тек Оған деген махабаттың ғана үстіне емес, сонымен қатар Оны ұлықтап, Одан қорқудың, сондай-ақ Оның мейірімінен үміттенудің үстіне құрылатындығын айта кету керек. Аллаһ Тағалаға жан-тәнімен ұмтылатын мүмин адамның жүрегін басы махаббат, ал қос қанаты – Аллаһтың жазасынан қорқу және Оның мейіріміне үміттену болған құсқа ұқсатуға болады. Құс басы мен екі қанаты дұрыс болса ғана қалыпты ұшуға қабілетті. Егер оның басы шабылса, ол өледі, ал ол екі немесе бір қанатын жоғалтса, онда кез келген аңшыға немесе жыртқышқа нысан болады.

Адамның Жәннатқа қарай қозғалысындағы махаббатты оның мінген түйесімен теңесек, онда үміт – оны ырғақты шумақтарымен жігерлендіретін түйекештің дауысы, ал қорқу – оны көшпен айдап жүргізуші түйекештің өзі. Ал Аллаһ Тағала – адамды Өзінің мейірімі және жомарттығымен мақсатына жеткізуші.

Біз бүгінгі күнде адамды Аллаһтан алшақтатып, Оған деген махаббатын әлсіреттетін, оның әкелетін жақсы жемістерінен айыратын жағдайлар, азғырулар көп болған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ал бұл жағдай бізден Аллаһты деген шынайы ұмтылысты, Оның сүйіспеншілігіне ие болуға деген құлшынысты, жүрегімізді Аллаһқа деген махаббатқа толтыратын және сол арқылы нұрға, тазалыққа, көркемдікке, жайнауға бөлейтін құралдарды тынымсыз іздеуді талап етеді.

Аллаһқа деген махаббатқа қалай қол жеткізуге болады?

Ислам мен таухидтің мәні және адамның екі дүниеде бақытты болуының кепілі – Жаратушысына, Раббысына деген махаббат.

«Жүректердің емшілері» деп аталатын Исламның салиқалы ғұлама-білгірлері жүрегін емдегісі келетіндерге және Аллаһқа деген махаббатқа ие болуға ұмтылатындарға көмектесу үшін дауа ретінде ең бірінші кезекте Құранды оған ой салып оқуды және зерттеуді тағайындайды. Құран Кәрім жаратылмаған. Құран – бұл Аллаһ Тағаланың Өзі айтып, түсірген сөзі, сондықтанда онда бізді бақытты ететін барлық нәрсе өсиет етілген және бізді бақытсыз ететін барлық нәрселерден сақтандыру қамтылған. Құран әрбір рухани және тән дертеріне кәміл ем әрі бұл дүние мен Ақыреттегі азаптардан құтылудың жолы. Құран әлемдердің Рабысының сөзі болғандықтан, оған әлдебір аурулар мен дерттер қалайша қарсы тұра алмақ?!

Құран – бұл ең Шыншыл, ең Білімді, ең Қамқор Аллаһтың нұсқауы. Ол Аллаһтың сөзі болғандықтан, онда қателік пен бұрыс кеңес болуы мүмкін емес. Раббымыз былай деген:

قُلْ هُوَ لِلَّذِينَ آمَنُوا هُدًى وَشِفَاءٌ

««Ол (Құран) иман келтіргендер ұшін бір тура жол (басшылық) және шипа», – де»

(«әл-Фуссыләт» сүресі, 44-аят).

Аса Жоғары әрі Пәк Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

لَّا يَأْتِيهِ الْبَاطِلُ مِن بَيْنِ يَدَيْهِ وَلَا مِنْ خَلْفِهِ تَنزِيلٌ مِّنْ حَكِيمٍ حَمِيدٍ

«Оның алдынан да, артынан да өтірік келмейді (араласпайды), Ол Аса Дана, өте Мақтаулы Аллаһ тарапынан түсірілген»

(«әл-Фуссыләт» сүресі, 42-аят).

Білімділер одан үнемі білім жияды, ал тақуалар оны оқығанда жалықпайды. Аллаh Тағала Құранды біздер үшін қараңғылықтағы нұр және әр түрлі мәселелерді шешуде ақиқатты нұрландыратын шырақ етті. Аллаh Тағала Құран арқылы Өзінің разылығын іздеген пенделеріне құтқару жолдарын көрсетіп, қараңғылықтан нұрға шығарып, Өзіне бағытталған тура жолға салады. Ибн Масғуд аты ұлы сахаба әрі ғалым (Аллаh оған разы болсын) былай деген екен: «Кімде-кім өзінің Аллаhқа деген сүйіспеншілігінің қандай екенін білгісі келсе, Құранға деген қатынасына қарасын: егер ол Құранды жақсы көрсе, демек Аллаhты жақсы көреді, өйткені Құран – бұл Аллаhтың сөзі». Көрнекті сахаба Икрима Құранды жүзіне тигізіп: «*Бұл – менің Раббымның сөзі! Бұл Раббымның сөзі!*», - деп айтатын. Аллаh туралы өзгелерден көбірек білетін кейбір ізгілер: «Ләззатты үш нәрседен іздеңдер: намаздан, зікірден және Құранды оқудан. Егер сендер олардан тәттілік таппасаңдар, онда сендер үшін есік жабылған», - деп айтады екен.

Құрансыз адам қараңғы түнде қаңғыған соқыр ит секілді. Құранда айтылған нәрселерді оқып, олар жайлы ой жүгіртіңіз. Сонда ғана сіздердің тарығып жүдеген және рухани шөлден семіп, өлуге келген жүректеріңіз өмір сыйлайтын ылғалдан сусындап, тіріледі. Құран біз ол үшін әдемі қаптама тігіп, сосын оны қабырғаға іліп қою немесе сөреге қойып қою үшін түсірілмеген. Ол сондай-ақ біз оны онда не айтылғанын түсінбей, оған ой салмай әрі ғибрат пен сабақ алмай, құр оқу үшін де түсірілмеген. Шайтан мен оның қызметшілері бізден дәл осыны – яғни біз оны ой-пікірсіз оқығанымызды және оқығанымыздың мағынасына мән бермегенімізді қалайды. Бұл шайтанның өте мекерлі айлакерлігі, ол осы айласы арқылы бізді шынайы білім мен шынайы игілік бұлағынан ажыратқысы келеді.

Сахабалар мен олардың ізбасарлары тұсында парсылар мен римдіктер Исламның жеңісті жорықтарынан тұншығатын. Сонда Ібіліс хақ діннің дұшпандарына мүминдердің жеңіске жетуінің себебін іздеп, олардың үлкен күш-қуатын қайдан алатынын анықтау керектігіне нұсқады. Ібіліс: «Мына мүминдер сендерді жүректерінің азығы, жандарының шипасы, олар үшін өз жандарынан да сүйікті болған нәрсесі арқылы – яғни Раббысы, Қамқоршысы мен Жәрдемшісі болған Аллаhтың сөзі – Құранмен жеңді», - деді (Уа! Бұл нендей керемет Қамқоршы мен Жәрдемші десіңіші!). Ібіліс пен оның ілесушілері жоспар құрды. Олар мүминдерге: «Құранның асқақтығы және оны түсінудің оңай еместігі сонша, оны тек ұлы адамдар ғана түсіне алады, өйткені Құран да ұлы ғой!» деген сөздер айта бастады. Олар мүминдерге: «Ал сендер білімдерің таяз, кішкентай және

елеусізсіңдер. Сондықтан да Құранды түсіну белгілі бір жоғары білімді арнайы адамдарға ғана қолжетімді, ал сендер болсаңдар оны оқып жатып, қандай да бір әріптен немесе белгіден қате жіберіп, опат болып кетулерің және Аллаһтың сауабынан айырылып қалуларың мүмкін. Сондықтанда біз сендер үшін Құран Кәрімнің кейбір аяттарын дұға ретінде таңдап алып бергеніміз әрі сендерге кейбір зікірлерді өзіміз ойдан жазып бергеніміз дұрысырақ болады, өйткені сендер оларды оқып жатып, қателессеңдер де, күнәға батпайтын боласыңдар», - деп, айла жасады. Мұсылмандарды осылайша азғыру арқылы Шайтан мен оның әскері ұзақ жылдар бойы мұсылмандарды Құраннан алшақтатуға тырысып келді.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары мен біздің салиқалы сәләфтарымыз, яғни мұсылмандардың әуелгі ізгі ұрпақтары, аяттарды жай ғана оқып, жаттап қана қоймай, олардан міндетті түрде қорытындылар шығарып, оқып білгендерін іске, амалға асырып, Құранды түсіну оны жатқа білуден маңыздырақ деп санайтын.

Аллаһ Тағала былай деген:

كِتَابٌ أَنزَلْنَاهُ إِلَيْكَ مُبَارَكٌ لِّيَدَّبَّرُوا آيَاتِهِ وَلِيَتَذَكَّرَ أُولُو الْأَلْبَابِ

«(Мухаммад,) Біз саған түсірген бұл Кітап берекелі. Ол адамдар оның аяттары жайында ой қозғаулары әрі ақыл иелері одан үгіт алулары үшін түсірілген»

(«әс-Сад» сүресі, 29-аят).

Құранды оқып, түсінуде жүрекке қаншама сыйлар, жанға қаншама пайда, Аллаһқа деген махаббатты нығайта түсетін қаншама ғажайып құралдар бар! Жүрек үшін Құранды оның аяттарының мән-мағынасына ой салып, ұғынып оқудан пайдалырақ ешнәрсе жоқ. Ол жүректе Аллаһқа деген махабатты, Онымен кездесуді сағына күтуді, Оған мойынсұнбаушылық танытудан қорқуды, Оның мейірімінен үміттенуді, Аллаһ Тағалаға деген шүкіршілікті, Оған тәуекел етуді, сабырлықты тудырады әрі, керісінше, адамды барлық жексұрын және опат ететін қылықтардан азат етеді.

Жүректе Аллаһқа деген махабатты тудыратын тағы бір нәрсе – Аллаһтың Аса Көркем Есімдері мен Аса Кемел сипаттарын, яғни Жаратушының асқақ қасиеттерін білу. Адам қаншалықты Аллаһты көбірек таныған сайын, Оны соншалықты көбірек жақсы көретін, Оған құлшылық етуге күштірек талпынадын және күнәлардан барынша алыстайтын болады. Бұл айдай анық. Адамзат онсыз қалыпты өмір сүре алмайтын және өз істерін ретке келтіре алмайтын ең маңызды

білім – өзінің Жаратушысы мен Раббысын, Оның Аса Көркем Есімдері мен Аса Ұлы сипаттарын, Оның кемелдігін, ұлылығын және құдіретін көрсететін және Ол ғана құлшылыққа лайық екендігіне нұсқайтын мінсіз қасиеттерін білу. Осы орайда айта кететін өте маңызды нәрсе - бұл білім жай мойындау ғана емес, алайда ол жүректерді Жаратушыға байлайтын, оларды Одан ұялуға және Оны жақсы көруге, жан және тәнмен Оған қарай ұмтылып жүгіруге мәжбүрлейтін білім болуы керектігі. Сонда ғана ол барлық ізгілік пен берекенің бастауы болады.

Адамның жүрегінде Аллаһқа деген махабатты оятатын келесі себеп – Аллаһтың бізге төгіп беріп жатқан нығметтерін, сансыз сыйларын, бізге көрсетіп жатқан ізгілігі мен жақсылығын еске алу.

وَمَا بِكُم مِّن نِّعْمَةٍ فَمِنَ اللَّهِ

«Сендердегі әрбір нығмет Аллаһтан»

(«ан-Нәхл» сүресі, 53-аят).

Егер сіз Аллаһ Тағаланың сізге сыйлаған нығметтерін, сізге үзіліссіз түрде келіп жатқан ныңметтерін еске алатын болсаңыз, жүрегіңізде Оған деген ұлы махаббат оянады, толқиды әрі көтеріледі. Сіз үшін бұл таңғажайып ағзаны кім жаратты? Қолыңыз бен аяғыңызды беріп, көздеріңіз бен құлақтарыңызды кім ашты? Сізге тамақ пен суды, сізге және жақындарыңызға денсаулық пен амандықты кім береді? Ал баспана немесе балаңыз ше? Ақылыңыз, қауіпсіздігіңіз ше? Оның мейірімдерінің барлығын санап, тізімдеу мүмкін емес. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр түні ұйқыға жатуда, Аллаһтың нығметтерін еске алып, Оны мақтап-мадақтап, былай деп айтатын:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا, وَكَفَانَا وَآوَانَا، فَكَمْ مِمَّنْ لَا كَافِيَ لَهُ وَلَا مُؤْوِيَ

«Бізді тамақтандырған, сусындатқан, жамандықтан, мұқтаждықтан құтқарып, баспана берген Аллаһқа бүкіл мақтаулар болсын. Өйткені құтқарушысы мен баспана берушісі жоқтар қаншама!»

(хадисті Муслим жеткізген, 2715).

Жүректе Аллаһқа деген сүйіспеншілікті тудыратын себептердің төртіншісі – Аллаһтың сан алуан және таңғажайып жаратылыстары: аспан мен жер, күн мен ай, планеталар мен жұлдыздар, түн мен күн, таулар мен ағаштар, теңіздер мен өзіндер, - және басқа да көптеген жаратылыстар туралы ойлану. Олардың сұлулығы мен кемелдігіне, әр нәрседе орнаған үйлесімділікке, ақыл-ойды таң қалдыратын реттілік пен даналыққа назар аударыңыз! Осының барлығы Аллаһ Тағаланың шексіз білімін, шексіз хикметін, мейірімін, жомарттығы мен ізгілігін

айғақтайды! Бұл ой қозғайтын адамды Жаратушысын асқақтатып, сүйіп, Оған шүкіршілік етіп, Оны зікір етіп, Оған құлшылық қылуға мәжбүр етпейді ме?!

Аллаh Тағалаға деген махаббатқа ие болу үшін келесі маңызды себеп – Аллаhтың жақсы көретін нәрселерін өз жаныңыз, нәпсіңіз ұнататын барлық нәрселерден артық қою.

Махаббаттың шартынан – Сүйіктіңнің сүйгеніне сай келу,

Ал өтірік махаббат – сүйемін деп Сүйіктіңе қарсы келу.

Жаныңыз бір нәрсені қанша қаласа да, әлдебір нәрсеге қаншалықты қатты бейім әрі ынтық болса да, ол Аллаhтың жарлығына, шариғатына сәйкес болмаса, одан бас тартыңыз. Мұны тек шынайы сүйетін адам сүйіктісі үшін ғана істей алады. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі) адам Аллаhты және Елшісін бәрінен артық жақсы көргенде ғана иманның тәттілігін сезіне алады деген. Яғни ол Аллаhтың Елшісі жеткізген әмірлерді басқа нәрселердің бәрінен жоғары қояды.

Келесі өте маңызды себеп – Аллаhқа шынайы ықыласпен құлшылық ету және ізгі істерді істеу, әсіресе намазды орындау арқылы Оған жақындау. Намаз – Аллаh Тағаланы сүйетіндердің көздерінің қуанышы, бұл олардың жандарының ләззаты мен рахаты, жүректерінің бақыты. Бұл Аллаhтың мүминдерге сыйлаған берекесі және мейірім бақшасы. Аллаh Тағала Өзінің шыншыл әрі сенімді елшісі арқылы бізге намазды үйретіп, бізді оны оқуға бағыттауы арлы ардақтады. Намаз – дініміздің тірегі, иман мен күпірлік шекарасындағы берік қамал әрі мығым қорған, ол адамның шайтан тобына емес, Аллаhтың тобына жататынын анықтайтын өлшем. Жаратушымыздың алдында тағзым және кішіреюмен әрі дұрыс орындалған намаз жүректеріміз бен амалдарымызды түзеп, оларды барлық ластықтардан сақтайды. Ал намазсыз барлық істер бұзылады.

Аллаh Тағалаға деген махаббатқа ие болу үшін тағы не маңызды? Жақсы, салиқалы, тақуа, адал, дінді білетін адамдармен араласу. Олармен араласқаннан кейін олардың адамгершілігі мен әдептілігінің, жақсы істері мен дана сөздерінің тамаша үлгісін көріп, шабыттанасыз. Сіз және сіздің отбасыңыз кіммен дос екеніне өте мұқият қараңыз, өйткені дос адамды өз бағытына қарай тартады. Пайғамбарымыз (оған Аллаhтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْمَرْءُ عَلَى دِينِ خَلِيلِهِ، فَلْيَنْظُرْ أَحَدُكُمْ مَنْ يُخَالِلْ

«Адам өз досының дінінде. Ендеше кіммен дос екендеріне қараңдар!»

(хадисті Абу Дауд, 4833; әт-Тирмизи, 2378 және Ахмад, 8028 жеткізген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилә әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 927).

Жақсы, ізгі адаммен достассаңыз, ол сізді жақсы істерде қолдап, жамандықтан тыяды әрі сіз одан жақсы адамгершілігі мен имандылығын қабылдайсыз. Егер құдайсыз, атеист адаммен дос болсаңыз – ол сізді құдайсыздыққа, егер азғын адаммен достассаңыз - ол сізді азғындыққа, ал араққұмармен дос болсаңыз - ол сізді маскүнемдікке сүйрейді. Лайықты мүминмен дос болыңыз, сонда ол сізді ізгілікпен пен Исламға жетелейді.

Кімде-кім жүрегінде Аллаһ Тағалаға деген махаббаттың болуын қаласа, өзінің жүрегі мен осы махаббаттың арасына кедергі-бөгет болатын нәрселерден алыс боуы керек. Бүгінгі күні адамның жүрегін Аллаһқа деген махаббаттан бұрып алып кететін, бітпейтін, мысалы, бос ойын-сауықтар, пайдасыз фильмдер мен шоулар, компьютер ойындары, интернет шырмаулары және жүректі ауру қылып, иманды әлсіретіп, ақылға да, жанға да еш пайда әкелмейтін басқа нәрселер нендей көп.

Әрі ең соңында айта кетер жайт, Аллаһқа деген махаббатқа жетудің таптырмас жолы – Аллаһты зікір етіп, оған дұғамен жалбарыну. Біз Аллаһқа әр уақытта және барлық жағдайда мұқтажбыз. Біз бір сәтке де Оның көмегінсіз өмір сүре алмайсыз. Біз Аллаһтың кім екенін және өзіміздің кім екенімізді, қаншалықты дәрменсіз екенімізді және Аллаһтың қаншалықты Ұлы және Құдіретті екенін неғұрлым тереңірек түсінсек, соғұрлым Оған жалбарынумен, шын жүректен және жиі дұға етіп, Оның алдында тағзыммен кішірейіп Одан көмек пен құтқаруды сұраймыз. Қазір біз сүйікті Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа жалбарынған керемет дұғаларының бірімен танысамыз. Ол Раббысына мына сөздермен жалбарынатын:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ حُبَّكَ, وَحُبَّ مَنْ يُحِبُّكَ, وَحُبَّ عَمَلٍ يُقَرِّبُ إِلَى حُبِّكَ

«Уа АллаҺ! Мен Өзіңнен Саған деген махабатты, Сені жақсы көретіндерге деген махаббатты және Сенің жақсы көруіңе жақындататын амалдарға деген махаббатты сұраймын»

(хадисті әт-Тирмизи, 3235 және Ахмад, 22109 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде сенімді деп атаған, 2582).

Міне осы ұлы дұға үш маңызды негізді қамтиды: Аллаһқа деген махаббатты, Аллаһты жақсы көретіндерге (пайғамбарлар мен салиқалы адамдарға) деген махаббатты және Аллаһқа жақындататын іс-амалдарға деген махаббатты.

Уа Аллаһ, біз де Өзіңнен барлық Аса Көркем Есімдерің мен Ең Кемел Сипаттарың арқылы Саған деген махабатты, Сені жақсы көретіндерге деген

махаббатты және Сенің жақсы көруіңе жақындататын амалдарға деген махаббатты сұраймыз.

Әрі басында да, соңында да әлемдердің Раббысы Аллаһқа бүкіл мақтаулар әрі Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына әрі сахабаларына Аллаһтың салауаттары мен сәлемі болсын!

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі,
1447/2025 ж.
Мәдина қаласы.